



Nurly KOKSUS



Газет 1945 жылдан шыға бастады

№22 (5303),
05 маусым
жұма 2026 жыл

@ nurly_koksu@mail.ru

@ nurlykoksu

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті отандастар!

Баршаңызды Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – қасиетті Отанымыз – Қазақ елінің әрбір азаматы үшін маңызы ерекше мереке. Біз осы күні байрағымызды биікке көтереміз. Сол арқылы еңселі, егемен ел екенімізді күллі әлемге паш етеміз.

Қастерлі рәміздеріміз – ұлт құндылықтарының жарқын символы.

Мемлекетіміздің әр нышаны халқымыздың болмыс-бітімінің көрінісі саналады. Елтаңба – елдігіміздің айшықты белгісі. Өнұран – азаттығымыздың айбынды үні. Көк Туымыз – Тәуелсіздік тұмары. Төбемізге көтеріп, қадір тұтатын осы үш рәмізді мемлекеттігіміздің мызғымас ұштағаны десек, артық болмайды.

Тарихқа үңілсек, жұртымыз әрқашан бір тудың астына жиналып, ынтымақ-бірлігін сақтай білген. Қазір де еліміз ауызбіршілігін нығайтып, алға қарай сеніммен қадам басып келеді.

Беріңізге белгілі, наурыз айында біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдумға қатыстық. Азаматтарымыз конституциялық реформаны қолдап, дауыс берді. Осылайша, біз жаңа Конституциямызды қабылдап, төл тарихымыздың жаңа парағын аштық. Ата заңда халқымыздың сан ғасырлық арман-тілегі, мақсат-мұраты көрініс тапты. Кең байтақ жеріміздің тұтастығы, еліміздің егемендігі, азаматтардың құқықтары және бостандықтары басты құндылықтар деп жазылды.

Заң мен тәртіпті сақтау, білім мен ғылымды, жаңа технологияларды дамыту, тазалықты дәріптеу, табиғатты қорғау, волонтерлік қызметті қолдау конституциялық міндет ретінде айқындалды. Түбегейлі жаңа сипатқа ие болған Ата заңымыз Әділетті Қазақстанның мызғымас жарғысына айналды.

Конституцияда әр адам еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тиіс деп көрсетілді. Себебі ұлттық нышандарымызды қадірлеу отаншылдық рухының ең биік өлшемі екені сөзсіз. Нағыз патриоттар ғана елдің көшін алға бастайды, жердің шетін жаудан қорғайды. Басқа сөзбен айтқанда, отаншылдық дегеніміз – жеріміздің қауіпсіздігі және тұтастығының кепілі. Ұлт рәміздерінің мәртебесін арттыру, бұл – аса маңызды мемлекеттік жұмыс. Таяу арада Үкімет мемлекеттік рәміздерді орындау пайдалану мәселесі бойынша қаулыға қажетті түзетулерді енгізеді. Ұлттық нышандарымызды ұлықтау – ортақ парыз, бұл – әр азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, рәміздерді қастерлеу – мемлекетімізді құрметтеу деген сөз.

Құрметті отандастар!

Біз биыл Тәуелсіздіктің 35 жылдығын атап өтеміз. Бұл тарихи кезең жүріп өткен жолымызды жан-жақты терең талдауды және болашаққа стратегиялық жоспар құруды мұқият ойластыру тұрғысынан үлкен мәнге ие. Аталған мерейлі датаны қажырлы еңбекпен және нақты нәтижелермен қарсы алуымыз керек. Биыл тұтас еліміз үшін ауқымды өзгерістерге толы жыл болып отыр. Қазақстан қоғамдық өмірдің барлық саласында соны серпіліске ұмтылған ел ретінде орнықты дамудың даңғыл жолы-



на түсті. Жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституция – Қазақстанның алдағы ондаған жылдарға арналған басты заңы. Дәл осы Ата заң халқымызды әлемдік өркениеттің жаңа белестеріне бастайды. Технологиялық жетістіктер, саяси дүрбелеңдер, әскери қақтығыстар белең алып жатқан қазіргі дәуірде Негізгі заңымыздың жол нұсқаушы темірқазық ретіндегі маңызы еселене түседі.

Еліміздің бас құжаты – Конституция 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Тамыз айында бір палаталы Құрылтай сайлауы өтеді, ал қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі құрылады.

Осылайша, біз ауқымды өзгерістер кезеңіне аяқ басамыз. Қазірдің өзінде халқымыздың болмысы, құндылықтары, сана-сезімі, тіпті, дүниетанымы өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың басым көпшілігі заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті нығайту стратегиясын қолдайды, сондай-ақ «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысады.

Алайда бұл әр жетістікке мез болып, жайбарақат отыратын заман емес. Біз биік мақсаттарға ұмтылып, тек қана алға – жарқын болашаққа қарай жүруіміз керек. Келешекке зор сеніммен қарап, Қазақстанды шын мәнінде өркениетті мемлекетке айналдыруымыз қажет.

Қазір біз бір ел болып жасампаздық жолына түстік: қоғамымызда жаңа идеялар, жаңа тұлғалар, отаншыл азаматтардың жаңа буыны пайда болуда. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай игі үрдісті қолдаймын. Мұны ел ішінде жасалып жатқан реформалардың айқын көрінісі деп санаймын.

Халқымыздың ауызбіршілігін нығайту басты мақсатымыз болып қала береді. Бұл – елдің табысты дамуының бірден-бір шарты, тиімді әрі ұзақмерзімді факторы.

Реформалардың бастапқы кезеңінде еліміздегі көзі ашық және ілгері қоғамдық-саяси күштер жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар аясында бірігуі қажет деп санаймын. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құру, мемлекеттілігімізді нығайту ісінде табысқа жете аламыз. Еліміздің Егемендігі, Тәуелсіздігі – ең маңызды, ең қастерлі құндылығымыз.

Біз өркениетті әрі озық ойлы ұлт ретінде өзімізге сенімді болуымыз керек. Ешкімге жалтақтамай батыл өрекет етуіміз қажет. Бұдан басқа жол жоқ. Мақсаты айқын, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мемлекет тағдырына жауапты екенін терең түсінеді. Олар еріктілер қатарына қосылып, қайырымдылық жа-

сап, маңызды бастамаларды табысты іске асырып жүр.

Нағыз отаншыл адам көзбояушылыққа бармайды, шын патриот ел мүддесі үшін табанды еңбек етеді. Жасампаз отаншылдық дегеніміз де – осы.

Мемлекет үшін бір күннің қамы емес, болашақтың жайы маңызды. Сондықтан біз Абайдың ұлағатына сай «ақырын жүріп, анық басамыз». Ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, алысқа көз тігеміз. Төл тарихымызға құрметпен қарап, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға баса назар аударамыз.

Бұл бағытта белсенді жұмыс істелуде. Жошы хан жерленген Ұлытау аймағына облыс мәртебесі берілді. Елімізде Жошы ұлысын зерттеу институты құрылды. Біз бұл мекеменің ғылыми әлеуетін күшейте береміз. Көп ұзамай Қазақстан тарихының жеті томдық академиялық еңбегі жарыққа шығады. Оның бір томы түгелдей Алтын Орда тақырыбына арналды.

Бұдан бөлек, біз жаңа Конституцияда қазақ елінің төл шежіресі Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихымен сабақтас екенін айқын көрсеттік. Елордамызда Ұлы дала өркениетіне арналған зәулім ғимарат салынады. Жақында Астанада ЮНЕСКО-ның аясында Алтын Орда мұрасын зерттеу ісіне арналған халықаралық симпозиум өткізілді. Мұның бәрі мемлекеттігіміздің тұғырын нығайта түсуге зор ықпал етеді. Алтын Орда өзінің басқару институттары, дипломатиялық қызметі, байланыс және кеден жүйесі, әлемде мойындалған валютасы, озық инновациялары бар орта ғасырдағы алып ел болды.

Қазір Қазақстанда берік орныққан президенттік басқару үлгісі Алтын Орда кезінде құрылған саяси жүйеден бастау алады. Алтын Орданың ең басты мұрасы – оның мызғымас құндылықтары. Себебі алып мемлекетте діні, тілі, мәдениеті, дәстүрі тәуекел адамдар ортақ ережелер аясында біту-тәтті өмір сүрді. Бабаларымыздың осындай тағылымды жолы біз үшін өшпес өнеге және басты стратегиялық бағдар болып қала береді.

Алтын Орданың жетістігі Еуразиядағы көптеген халықтың ортақ игілігі саналады. Сондықтан Ұлық Ұлыстың мұрагері ретінде біз Еуразияның біртұтастығын, өсіп-өркендегенін, ондағы мемлекеттердің барлығы тату-тәтті ғұмыр кешіп, ортақ қауіпсіздікті сақтап, халықтарының игілігі үшін қызмет еткенін құптаймыз.

Біздің мақсатымыз – өзгелердің тапта-

урын болған тәжірибелері мен идеяларын үлгі-өнеге етпеу, өнбейтін дау-дамайдан бойды аулақ салу. Сонымен бірге өткен ұлы дәуірдің құндылықтарын ой елегінен өткізіп, сапалы түрде жаңғыртып, заманауи өркениетке қарай бейімдеу.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиялары дамудың бұрын-соңды болмаған үлгісі мен тәсілдеріне жол ашатын жаңа әрі шексіз кеңістік қалыптастырды. Мыңның біріне берілетін дәл осы тарихи мұмкіндікті тек қуатты, күшті, болашаққа бағдар түзген халықтар пайдалана алады.

Бұл міндетті еңсеру біздің өскелең ұрпақтың қолынан келеді. Мен бұған сенімдімін.

Қазақстанның орнықты дамуының негізінде ұлы тарихымыз, одан кем түспейтін қазіргі сәт және, ең бастысы, жарқын болашақ арасындағы ажырамас байланыс жатыр.

Қазір Қазақстан жаңа тұрпатты елге айналды. Біз біртұтас әрі жасампаз ұлт ретінде дамудың даңғыл жолына түстік. Кейінгі жылдарды еліміз үшін тарихи бетбұрыс кезеңі деуге толық негіз бар. Ауқымды реформалар барлық салаға тың серпін беруде. Түбегейлі өзгерістер, әсіресе, қоғамдық санаға зор сілкініс әкелді. Ішкі саясаттың мазмұны жаңарды, бағыт-бағдары айқындала түсті. Ел ішінде жанашырлық, еңбекқорлық, ұқыптылық, үнемшілдік қасиеттері орныға бастады. Азаматтарымыздың көзқарасы және ұстанымы өзгеруде. Халқымыз Әділетті, Мәдениетті, Таза және Қауіпсіз елде өмір сүрдіп қалайды. Сондықтан жұртымыз тәртіп бұзушылыққа, заңсыздыққа тұтас қоғам болып тосқауыл қоюда. Алайда, алдымызда тұрған жұмыс – өте ауқымды. Бұл жұмысты бәріміз бір ел, біртұтас халық болып міндетті түрде ойдағыдай орындаймыз.

Құрметті жас сарбаздар!

Мен былтыр әскери оқу орындарының үздік түлектерін қолдау жөнінде бастама көтердім. Оларға қалыптасқан дәстүрге сай «Клейтенант» емес, «аға лейтенант» шенін тапсыру қажет екенін айттым. Соған сәйкес нақты тапсырма бердім. Міне, бүгін осы бастама нақты жүзеге асырылмақ. Сіздер оқуды бітіріп, бірден «аға лейтенант» шенін алатын тұңғыш түлек боласыздар. Бұл – өздеріңізге артылған зор сенім және үлкен жауапкершілік.

Қазақтың біртуар батыры Сағадат Нұрмағамбетовтің «атақты алғаннан оны арқалап жүру қиын» деген сөзі бар. Шын мәнінде, нағыз сарбаздың абырой-беделі оның шенімен емес, ең алдымен, Отан алдындағы мінсіз қызметіне қарай өлшенеді. Көптеген жастарымыз сіздерге қарап бой түзейді, үлгі алады. Бәріңіз де антақ адал болып, қазақ сардары деген атаққа әрдайым лайық боласыздар деп сенемін. Бүгін алқалы жиынға озат түлектердің ата-аналары да қатысып отыр. Сіздер Қазақстанның дәл осындай отаншыл азаматтарына тәлім-тәрбиә бердіңіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Жас офицерлердің алғашқы әскери шені құтты болсын! Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Туымыз әрдайым көкте желбіресін! Қазақ елі мәңгі болсын!

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ҮКІМЕТТЕ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өндірістегі қауіпсіз еңбек жағдайлары мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Онда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, Төтенше жағдайлар министрі Шығыс Әрінов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, сондай-ақ ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары мен Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Премьер-министр Президент еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері баса назар аударатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы сәуір айында Қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы Заңға қол қойды. Еңбек заңнамасындағы қолданыстағы нормалар қандарында. Осы шаралардың барлығы еңбек қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Төтенше жағдайлар министрлігінің деректері бойынша жыл басынан бері 570 кәсіпорында тексеру жүргізіліп, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының 10,4 мыңнан астам бұзушылығы анықталған. Әкімшілік жауапкершілікке 523 лауазымды тұлға тартылып, салынған айыппұлдардың жалпы мөлшері 62,9 млн теңгені құрады. 7 субъектінің қызметі және 695 объект пен техникалық құрылғыны пайдалану тоқтатылды. Қауіпті өндірістік нысандарда жыл басынан бері 12 апат тіркелген, оның салдарынан 5 қызметкер қаза тауып, 6 адам жарақат алған.

Премьер-министр жұмыс берушілер кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауы қажет екенін баса айтты. Осыған байланысты Еңбек министрлігі өндірістік жарақат алу көрсеткіші бойынша барлық ірі кәсіпорындардың басшылары үшін KPI енгізуі қажет. Оның орындалмай қалуы басшылықтың жалақысына және жалпы жұмыста қалуына тікелей әсер етеді.

Қауіпсіздікке, автоматтандыруға және цифрландыруға салынған инвестициялардың қайтарымы да, әдетте бірнеше есеге жоғары екені атап өтілді.

Бұл ретте еліміздің жекелеген

кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қазіргі деңгейінде белгілі бір тәуекелдер бар.

Олардың дені тозығы жеткен жабдықтарды уақтылы алмастырмау, өндірістік бақылаудың әлсіздігі және заманауи қауіпсіздік жүйелерінің болмауына байланысты туындап отыр. Бұл, ең алдымен, тау-кен, мұнай-газ және химия кәсіпорындарына байланысты. Өнеркәсіптің осы салаларын ерекше бақылауда ұстаған жөн.

Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жабдықтарды дер кезінде жаңартып отыру қажет. Бұл ретте, персоналды үздіксіз оқыту мен дайындық деңгейі де өте маңызды.

Аталған салада заманауи цифрлық мониторинг, бейнебақылау және өндірістік процесс пен қауіпсіздікті автоматтандырылған бақылау жүйелерін енгізу жұмыстарын жандандыру керек.

Еңбек министрлігінің Еңбек тәуекелдері картасына барлық өндірістік кәсіпорындар, оның ішінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғау параметрлері енгізілген.

Алайда, бұзушылықтар кәсіпорындарда ғана емес, сондай-ақ құрылыс нысандарында, қоғамдық тамақтану орындарында да болуы мүмкін. Олар ешқандай мониторингпен және жүйелі тексерулермен қамтылмаған.

Сондай-ақ профилактикалық жұмысты күшейту және шағын және орта бизнес саласындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау қажеттігіне баса назар аударылды. Тексерулердің нәтижелері көрсеткендей, ірі кәсіпорындар анықталған бұзушылықтарды жою шараларын тез арада қабылдайды. Бұл төтенше жағдайлар қаупін азайтады.

Мұндай нысандарда тіпті әрбір жұмыскердің орналасқан жерін көрсететін жүйелер де бар.

Жұмысшылар жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз етіліп, өндірістік процестерді бақылаудың қосымша цифрлық шаралары енгізілуде.

Осындай қағидаттарды барлық өндіріс орындары мен компаниялар басшылыққа алуы қажет екені атап өтілді.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын одан әрі күшейту мақсатында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

Бірінші. Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Мемлекеттік еңбек инспекциясына кеңейтілген өкілеттіктер беру бөлігінде заңнамалық түзетулер әзірлесін. Бұл ірі кәсіпорындарда ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнес саласында да еңбек тәртібін нығайтып, қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді.

ПРЕЗИДЕНТ ГОНКОНГ АРНАЙЫ ӘКІМШІЛІК АУДАНЫНЫҢ БАСШЫСЫ ДЖОН ЛИМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Қытай Халық Республикасы Гонконг Арнайы әкімшілік ауданының Басшысы Қазақстанға алғаш рет келіп отырғандықтан бұл сапардың маңызы айрықша екенін айтты.

— Бұл уақиға Қазақстан мен Гонконг, кеңінен алып қарағанда, мәңгі жан-жақты стратегиялық серіктестік байланысыратын Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елдеріміздің арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог орнаған, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Гонконгпен қарым-қатынасымыз туралы да дәл осылай айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестиция, инновация, технология және халықаралық сауда салаларында әлеуеті зор Гонконг әлемде жетекші қаржы және іскерлік орталықтардың бірі ретінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Президент бұл сапар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, іскерлік қарым-қатынасты кеңейтуге және инвестиция, қаржы, цифрландыру, жасанды интеллект, көлік-логистика бағыттарында бірлескен перспективті жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынына сенімді екенін жеткізді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға салмақты бизнес-делегациямен бірге келгені үшін мәртебелі мейманға ризашылығын білдірді. Бұл

Гонконг іскерлік қауымдастығының елімізбен ынтымақтастықты арттыруға үлкен қызығушылық танытып отырғанын байқатады.

Джон Ли қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтып, Гонконгтың Қазақстанмен кешенді ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады.

— Аталған сапарға ерекше мән беремін. Менімен шетелге шыққан делегациялардың алғыс ауқымдысы осы болды. Оның құрамына логистика, «жасыл» энергетика, тау-кен өнеркәсібі, инновация мен технология және білім беру сияқты басты салаларда еңбек ететін 75 ресми тұлға мен кәсіпкер енді, — деді Джон Ли.

Гонконг Әкімшілігінің Басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанда көтерілген «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екі ел арасындағы берік әрі достық байланыстардың жарқын көрінісіне айналғанына тоқталды.

Оның айтуынша, Қытай Халық Республикасының арнайы әкімшілік ауданы саналатын Гонконг аталған бастаманы ілгерілетуге белсенді түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар өңіраралық байланыстардың кеңеюі қалаға елеулі артықшылық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джон Ли екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар нақты мәселені талқылап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға өзара мүдделі екенін растады.



Екінші. Тұрғын үйлерге жапсарлас салынған немесе солардың ішінде орналасқан қызмет көрсету ұйымдарына айрықша назар аудару қажет.

Әкімдіктер мен Төтенше жағдайлар министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп, газ баллондарының сақталуы мен пайдаланылуын бақылау үшін қоғамдық тамақтану орындарына тексеру жүргізісін.

Өңір әкімдіктері жұмыс берушілермен бірге ұжымдық шарттарды жасасу бойынша тұрақты жұмыстарды қолға алсын.

Сонымен қатар жұмыскерлерді, оның ішінде құрылыс және қызмет көрсету салаларында оқыс оқиғалардан сақтандыру шарттарына қол қою қамтамасыз етілуге тиіс.

Үшінші. Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын нақты үйлестіруді және қатаң бақылауды қамтамасыз етсін. Берілген нұсқаулар мен ескертулердің орындалуына және олар бойынша тиісті шаралардың қабылдануына ерекше назар аудару қажет.

Төртінші. Төтенше жағдайлар, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері жыл соңына дейін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы

цифрлық платформаны енгізу жұмысын аяқтасын.

Бесінші. Еңбек министрлігі жыл соңына дейін «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» сервистік автоматтандырылған жүйесін Денсаулық сақтау, Әділет, Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктерінің және Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша шаралар қабылдасын.

Мемлекет басшысы еңбекті қорғау саласын толық цифрландыру және өндірістегі оқыс оқиғалардың алдын алуды қамтамасыз ету міндетін қойғаны атап өтілді.

«Кәсіптік тәуекелдерді азайтуға, өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударылуға тиіс. Қорыта айтқанда, еңбекті қорғау саласындағы жұмысты күшейтіп, аталған мәселені тұрақты бақылауда ұстау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға жүктелді.



ЖЕТІСУДА 35 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ 35 ТУ ТҰҒЫРЫНАН МЕМЛЕКЕТТІК ТУ БІР МЕЗГІЛДЕ КӨТЕРІЛДІ



Жетісу облысында Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты түрде аталып өтті. Негізгі шара ретіндегі Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай «35 ауыл – 35 Ту тұғыры» патриоттық акциясы аясында аудан-қалалардағы 35 елді мекенде бір мезетте телекөпір байланысы арқылы 35 жаңа ту тұғыры ашылып, Ту көтерілді. Бұл ту тұғырлары жергілікті меценаттар мен кәсіпкерлердің қолдауымен орнатылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс көлемінде кеңінен атап өтілген патриоттық іс-шараларға жалпы саны 3,5 мыңға жуық адам қатысты, оның мыңнан астамы облыс орталығында жиналды.

Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағы алаңында биіктігі 92 метрлік ту тұғырында орнатылған Мемлекеттік Туды көтеру салтанаты өтті.

Мерекелік шараға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, мәслихат депутаттары, ардагерлер, мемлекеттік қызметшілер, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар, жастар, қала тұрғындары қатысты.

Мемлекеттік Ту көтерілген сәтте Талдықорған әскери гарнизонының үрмелі оркестрінің сүйемелдеуімен камералық хор мен облыстық филармония әртістері Қазақстан Республикасының Әнұранын орындады. Сонымен қатар жергілікті шығармашылық ұжымдардың орындауында патриоттық әндер шырықалды.

Жалпы, Талдықорғандағы Ту тұғырының биіктігі кездейсоқ таңдалмаған. Оның 92 метр болуы - тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері бекітілген 1992 жылдың символдық белгісі. Мемлекеттік Тудың ұзындығы – 25 метр, ені – 12 метр. Композицияның тұғыр бөлігінде Қазақстан картасы бейнеленген. Ту тұғыры Мемлекеттік Туды автоматты түрде көтеруге арналған арнайы механизммен жабдықталған болат конструкциядан тұрады. Оның жанында салтанатты іс-шараларды өткізуге арналған амфитеатр орналасқан.

Патриоттық акцияға қатысқан өңірдің аудан-қалаларының тұрғындары бұл бастаманың маңыздылығын атап өтіп, пікірлерін білдірді.

- Мемлекеттік рәміздер – бізге ата-бабамыздан жеткен мұра әрі біздің басты құндылығымыз. Мемлекеттік Тулардың бір мезетте көтерілгенін көру өте әсерлі болды, - деді Талдықорған қаласындағы № 18 мектеп-лицейінің оқушысы Аққожа Нүрәлі.

- Мен «Жасыл ел» жастар экологиялық қозғалысының мүшесімін. Бүгін Мемлекеттік Рәміздер күніне арналған шараға қатысуға келдім. Бұл мерекенің біз үшін маңызы зор. Өйткені рәміздер - бізді тарихымызды қадірлеуге, Отанға деген сүйіспеншілікті еселеуге үйрететін еліміздің символы, - деді Талдықорғандағы № 12

мектеп-гимназияның оқушысы, волонтер Аяулым Асхатқызы.

- Бүгін - біздің ауданымыз үшін ерекше күн. Мемлекеттік рәміздер күнінде ауылымызға Ту тұғыры орнатылды. Бұл Ту тұғыры ауылға кіре беріс жердегі мәдениет үйі мен спорт кешені орналасқан орталыққа қойылды. Тудың күнде желбіреп тұрғанын көру болашақ чемпиондарға, өнрпаздарға, жалпы ауыл халқына үлкен шабыт беріп, мақсаттарына жетуге талпындырады деп ойлаймын, - деді Қаратал ауданы Ескелді би ауылының тұрғыны Мұрат Берікболұлы.

- Бүгін біздің ауылда жаңа Ту тұғырынан Мемлекеттік Ту көтерілді. Рәміздерді насихаттаудың ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі үлкен. Сондықтан ауылымызда осындай маңызды орын ашылғанынан қуаныштымыз, - деді педагог, Алакөл ауданы Жыланды ауылының тұрғыны Эльмира Рапилова.

- Жоламан ауылында жаңа Мемлекеттік Ту жаңа биік тұғырға көтерілгеніне куә болдық. Көк байрағымыз – Тәуелсіздігіміздің символы, ел бірлігі мен болашаққа деген сенімнің белгісі. Мемлекеттік рәміздерге көрсетілген құрмет әр азаматтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін арттырады. Ту тұғырын орнату жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің де маңызды үлгісі деп білемін. Оны орнату жобасына атсалысқан азаматтардың бәріне ризашылығымызды білдіреміз, - деді Кербұлақ ауданы Жоламан ауылының тұрғыны Дидар Диханбаев.

- Бүгін ел көлемінде өтіп жатқан Рәміздер күнін біз, Ақсу ауданының тұрғындары лайықты атап өтіп отырмыз. Осы ауданның 5 бірдей елді мекенінде – Егінсу, Матай, Қызылағаш, Арасан, Көшкентал ауылдарында жаңа Ту тұғыры ашылып, олардан Ту биікке көтерілді. Салтанатты шараға әсіресе жастарымыздың, оқушылардың белсенді қатысқанына қуандық. Бұл олардың ел болашағына деген жауапкершілікті саналы түрде сезінетінін білдіреді, - деді Қызылағаш ауылының тұрғыны Әшімғали Жұмағелді.

- «Жеңіс» саябағы - Ескелді ауданындағы ең көрікті орындардың бірі. Бүгін осы жерде Мемлекеттік Туымыздың биік тұғырға көтерілгенін көріп, ерекше толқыдық. Ауыл болып жиналып бәріміз тамашаладық. Көк байрағымыз саябаққа ерекше сән беріп тұр. Осындай сәттер елге деген мақтанышымызды арттыра түседі. Туымыз әрдайым асқақтап, еліміз аман болсын, - деді Қарабұлақ ауылының тұрғыны Сәуле Амантаева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотограф: Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев, Қанат Өмірәлинов, сол сияқты фотосуреттерді аудан, қала әкімдіктері ұсынды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА - 4 ЖЫЛ: 1,4 МЛН. Ш.М. АСТАМ ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде 1,4 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы уақыт ішінде 10833 отбасына баспаналы болса, соның ішінде өткен жылы «Жетісу жастары», «Маман» бағдарламаларымен және жалгерлік, несиелік тұрғын үйлер берілді, сол сияқты әлеуметтік осал топтарға баспана сатып алынды, тұрғындар апатты үйлерден көшірілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биыл өңірде тұрғын үймен 3 мыңнан астам отбасын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Мәселен, бүгін Халықаралық балаларды қорғау күнінде Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында 57 отбасы жаңа пәтерлер мен жеке тұрғын үйлердің кілттерін қолына алып, баспаналы болу қуанышына кенелді. Қоныстанушылардың қатарында көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектігі бар азаматтар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер және басқа да санаттағы тұрғындар бар. Жаңа қоныс иелерінің Жансүгіров ауылының тұрғыны Гүлмира Оспанова:

- Тұрғын үй кезегінде 2017 жылдан бері тұрдым, I топ мүгедегімін. Бүгін көптен күткен екі бөлмелі пәтерімнің кілтін алдым. Тұрғын үй мәселесін шешуде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға жаңа шаңырақта бақ-береке мен амандық тілеймін, - деді.

Тағы бір жергілікті тұрғын Диана Сұлтанғазина да тілегін білдірді: - «Жетім балалар» санаты бойынша тұрғын үй кезегінде 6 жыл тұрдым. Ата-анамнан ерте айырылдым, бүгінде өзім де ана атанып отырмын. Осындай мерекелі күні өз пәтерімнің кілтін алғаным өте қуаныштымын. Баршаңызды мерекемен және қоныс тойымен құттықтаймын, - деді ол. Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғаннан бері Ақсу ауданында тұрғын үймен 200-ге жуық тұрғын қамтамасыз етілді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев, сол сияқты фотосуреттерді Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды



ЖЕТІСУДА КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ

Жетісу облысында көктемгі егіс науқаны толық аяқталды. Атап айтқанда, жоспарланған 388,0 мың гектар жаздық дақылдар түгелдей себілді. Биыл жалпы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 511,8 мың гектарды құрап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, жаздық дәнді дақылдар – 165,5 мың га, дәндік жүгері – 54,2 мың га, майлы дақылдар – 105,7 мың га, қант қызылшасы – 13,0 мың га, картоп – 6,6 мың га, көкөніс-бақша дақылдары – 8,4 мың га, мал азықтық дақылдар 33,6 мың га себілді. Қазіргі уақытта себілген дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, қант қызылшасы, майбұршақ және дәндік жүгері алқаптары арамшөптер мен зиянкестерге қарсы пестицидтермен өңделіп, суару алдында минералды

тыңайтқыштар берілуде. - Бүгінгі күнге 66,7 мың гектар басымды дақылдар арамшөптерге қарсы гербицидпен өңделді. Дақылдарды тыңайтқышпен қоректендіру жұмыстары 44,8 мың гектар егістікте жүргізілді. Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген шаруашылықтарға дизель отынының 2,7 мың тоннасы шаруа қожалықтарына таратылды, бұл жұмыс жалғасуда. Сол сияқты «Аграрлық несие корпорациясы» егіс жұмыстарына 367 шаруашылыққа 9,1 млрд. теңге несие берді, өтінімдерді қарастыру жалғасып жатыр. Суармалы су барлық аудандарға берілді. Көктемгі дала жұмыстары мен вегетациялық кезеңнің өтуі облыс басшылығының тұрақты бақылауында, - деді басқарма басшысы Н. Кененбаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев



БЕЙБІТ ИСАБАЕВ «АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА ӨНІР ЖАСТАРЫМЕН ЕРКІН ФОРМАТТА МОТИВАЦИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУЕ ӨТКІЗДІ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабәев І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғимаратында өңір жастарымен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында еркін форматта мотивациялық кездесу өткізді. Кездесуге университет пен колледждер студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері, волонтерлар, жалпы облыс жастары қатысты. Өңір басшысы жастармен әңгімесінде өз ойын әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясы, Абайдың «Толық адам» ұғымы, Ахмет Яссауидің рухани ілімі сияқты іргелі постулаттарға сүйене отырып жеткізді. Сол сияқты Мемлекет басшысының дала өркениетінің үлгісі ретіндегі Алтын орда туралы халықаралық симпозиумындағы сөзінің мән-мазмұны мен жастардың ақпараттық-құқықтық сауаттылығының рөлі мәселесіне де егжей-тегжейлі тоқталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Алдымен Мемлекет басшысының Алтын орда тарихын зерделеуге қатысты сөйлеген сөзіне тоқталып, өз мемлекетінің тарихын тану әрбір азаматқа, әсіресе жастар үшін аса қажет екенін айтты. «Далалық өркениетте заң мен тәртіп, өз заманындағы жаңашылдық пен озық идеялар, көшпелілерге тән экологиялық жауапкершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – бәрінің де қалыптасқан берік негізі болды. Біз өткенімізді тану арқылы Ұлы Даланың барлық интеллектуалды, рухани мұраларын бүгінмен сабақтастыра аламыз. Сондықтан төл тарихымызды білу - әрбір жастың қастерлі парызы», - деді Б. Исабәев.

Екінші тұжырым ретінде айтылғаны, әл-Фараби қайырымды қаланы тек экономикасы дамыған орта ретінде ғана емес, ең бастысы рухани мәдениеті жоғары, адамдары бір-бірін сыйлайтын, ізгілікке ұмтылатын қоғам ретінде сипаттаған. Сондықтан мұндай идеалды қоғамға әр адам жеке емес, бірлесіп әрекет ету арқылы жететініне тоқталды.

Үшінші, Абайдың толық адам болу үшін ақыл, қайрат және жүрек үшеуінің үйлесімі керектігі жайлы ойы кеңінен талданды. Төртінші, адамды қарапайымдылыққа, сабырлыққа, қанағатқа және ішкі мәдениетке тәрбиелейтін Ясауи ілімі жайлы сөз болды.

Бесіншіден, көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан кезеңде ақпаратты қабылдау, жақсы-жаман, шын және жалған мәліметті айыра білу, сүзгіден өткізу мәселесі жан-жақты ашылды. Сол сияқты бүгінгі жаңа заманда жастардың үздіксіз білім алуы, цифрландыру мен ІТ технологияны меңгеруі, азаматтық сана және құқықтық мәдениетті жетілдіруі туралы кеңінен айтылды. Өңірде жастар тәрбиесіне қатысты қолға алынған менторлық жоба, волонтерлік бағдарламаларды қолдау шаралары жайлы сөз болды.

- Әл-Фараби қайырымды қоғам туралы, Абай толық адам жайлы, Ясауи рухани тазалық туралы айтты. Ал бүгінгі Қазақстанға осы үшеуін біріктіретін ұрпақ керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат», «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологе-

малары осы құндылықтармен үндесіп отыр. Сіздер – Қазақстанның жаңа буынысыздар және жаңа қоғамның авторысыздар. Жастар білімді, құқықтық мәдениеті қалыптасқан саналы болса, еліміздің болашағы мықты болады, - деді Б. Исабәев.

Мұнан соң жастар облыс басшысына өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Сұрақтар жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту, мемлекеттік қызметке келуі, жаңа медианың дәстүрлі журналистикадан айырмашылығы, облыстың құрылғаннан бергі жетістіктері сияқты тақырыпта болды.

Кездесуге қатысты жетісулық жастар да өз пікірлерін білдірді.

- Өткен сенбіліктердің бірінде облыс әкімі Бейбіт Исабәев біздің ұсынысымызбен университетке келемін деп уәде берген еді. Бүгін сол уәдеге сай расында өте қызық кездесу болды. Мен өңір басшысына «Мықты лидер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?» деген сауал қойдым. Бұл кездесуден жастар үлкен мотивация алды деп ойлаймын, - деді Жетісу облысының студенттік омбудсмені Ақерке Қызыбай.

Кездесуге келген жастардың бірі ЖУ-дың 1-курс студенті Меруерт Жолдасбаева да ой қосты.

- Бейбіт Өксібайұлы өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті, жаңа заманға сай білімді, парасатты азамат болып қалыптасуға қатысты ақыл-кеңестерін айтты. Маған әсіресе, әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны, уақытты бағалау, күнделікті тәртіпке төселу жөнінде айтқан кеңестері өте ұнады. Мұның бәрі де менің алдағы өмірімде кәдеме жарайтын пайдалы мәліметтер болғанынан қуандым, - деді ол.

Осы күні облыс әкімі университет ғимаратында студенттердің ғылымдағы, спорттағы жетістіктері паш етілген көрмемен танысты.

Атап өтсек, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 117 білім беру бағдарламасы бойынша 6 мыңнан астам студент білім алады. ЖУ – өңірдегі жалғыз жоғарғы оқу орны. Өткен жылдың шілде айында университет базасында Италияның Марке политехникалық университетінің (Marche Polytechnic University) филиалы ашылған болатын. Бұл маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылды.

Жалпы, облыста 14 пен 35 жас аралығындағы 186 132 жас тұрады, яғни халық санының 27% құрап отыр, ал оның 83 035-і қалалық жерде, 103 097-і ауылда тұрады. Өңірде 11 жастар ресурстық орталығы бар. Сол сияқты 18 жастар ұйымы жұмыс істейді, олардың 8-і республикалық мәртебеге ие. Оған қоса қазіргі таңда облыс бойынша 1 100 волонтер тіркелген.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотограф: Дмитрий Ерофеев

«35 АУЫЛ – 35 ТУ ТҰҒЫР»: КӨКСУДА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Көксу ауданында «35 ауыл – 35 Ту тұғыр» патриоттық жобасы аясында бірнеше елді мекенде Мемлекеттік Ту тұғырларының салтанатты ашылу рәсімдері өтті.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай жүзеге асырылып, мемлекеттік рәміздерді ұлықтауды, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыруды және ел бірлігін нығайтуды мақсат етеді.

Мемлекеттік рәміздер күніне арналған іс-шаралар Мұсабек ауылдық округінде, Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты ауылында және Алғабас ауылдық округінде ұйымдастырылды. Салтанатты жиындарға ауыл тұрғындары, ақсақалдар, жастар, мекеме қызметкерлері мен қонақтар қатысты.

Іс-шаралар барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көкке көтеріліп, қатысушылар Мемлекеттік Әнұранды бірге орындады. Бұл әсерлі сәттер көпшілікке ерекше рух сыйлап, туған елге деген мақтаныш сезімін арттырды.

Мұсабек ауылдық округінде өткен салтанатты рәсімде ауыл тұрғындарын округ әкімі Тантайбай Ербол Жоламанұлы мен ақсақалдар алқасының төрағасы Қоңқақов Сайлаубек құттықтап, мемлекеттік рәміздердің тәуелсіз еліміздің тұғыры мен бірлігінің белгісі екенін атап өтті.

Ал Талапты ауылындағы Ту тұғыры туған жеріне тағзым жасап, ауылдың дамуына үлес қосуды мақсат еткен 1996 жылғы түлектердің демеушілігімен орнатылды. Салтанатты шараға Көксу ауданының әкімі Дәулет Кенжеханұлы Халелов,

Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы қатысып, мемлекеттік рәміздердің ел тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын басты құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

Алғабас ауылдық округінде өткен шара барысында да ауыл тұрғындары Мемлекеттік Туға құрмет көрсетіп, ел тәуелсіздігінің нышандары – Ту, Елтаңба және Әнұранның маңыздылығына ерекше тоқталды. Жиналған қауым жастарды елін сүйеге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге және Отанға адал қызмет етуге үндеді.

Жаңа Ту тұғырларының ашылуы – мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және жас ұрпақтың бойында патриоттық сананы қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл игі бастамалар туған жерге деген сүйіспеншіліктің, азаматтық жауапкершіліктің және елжандылықтың нақты көрінісі болды.

Мерекелік шаралар концерттік бағдарламалармен жалғасып, патриоттық өндер шырқалды. Ауыл тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлаған іс-шаралар ел бірлігі мен татулығының жарқын үлгісіне айналды.

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен мақтанышы. Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз халқымыздың рухын асқақтата берсін!

«Нұрлы Көксу» газетінің тілшісі
Азиза ТОҚТАРМАН



НАШАҚОРЛЫҚ - ҒАСЫР ДЕРТІ

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – нашақорлық. Бұл дерт адам денсаулығына ғана емес, әлеуметтік тұрақтылыққа, экономикалық дамуға және ұлт болашағына да айтарлықтай қауіп төндіреді. Ғалымдар мен халықаралық ұйымдар нашақорлықты ХХІ ғасырдың жаһандық проблемаларының қатарына жатқызады.

Әлемдік статистикаға сүйенсек, бүгінде әлемде 15-64 жас аралығындағы халықтың шамамен 6%-ы, яғни 316 миллионнан астам адам есірткі заттарын пайдаланады. Бұл көрсеткіш нашақорлықтың кең таралған әлеуметтік құбылысқа айналғанын дәлелдейді. Әсіресе жастар арасында есірткіге тәуелділіктің артуы қоғам үшін үлкен алаңдаушылық туғызуда.

Есірткі заттары адам ағзасына өте қауіпті әсер етеді. Олар орталық жүйке жүйесінің жұмысын бұзып, психологиялық тәуелділік қалыптастырады. Нәтижесінде адамның ойлау қабілеті төмендеп, мінез-құлқы өзгереді, әлеуметтік ортадан алшақтайды. Сонымен қатар есірткі қолдану жүрек-қан тамырлары ауруларына, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуына, иммундық жүйенің әлсіреуіне алып келеді.

Дүниежүзілік зерттеулерге сәйкес, есірткіге тәуелділік пен оның салдарынан жыл сайын әлемде шамамен 500 мыңға жуық адам көз жұмады. Сонымен қатар нашақорлықтың салдарынан АҚТБ (ВИЧ) мен гепатит ауруларының таралу деңгейі артып келеді. Бұл мәселе тек денсаулық сақтау саласына ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне әсер ететін күрделі факторға айналып отыр.

Қазақстанда да нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесімен күрес мәселесіне ерекше назар аударылуда. Осы бағытта Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді. Аталған құжат құқық қорғау, денсаулық сақтау және білім беру салаларын біріктіре отырып, профилактикалық жұмыстарды күшейтуді, ақпараттық түсіндіру шараларын жүргізуді және тәуелді адамдарды емдеу жүйесін жетілдіруді көздейді.

Мамандардың пікірінше, нашақорлықпен күрестегі ең тиімді әдіс – алдын алу жұмыстары. Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт пен мәдениетке қызығушылықты арттыру, психологиялық қолдау көрсету және отбасы тәрбиесін нығайту маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында тұрақты түрде профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, нашақорлық – адамзат болашағына қауіп төндіретін ғасыр дерті. Онымен күресу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Саналы ұрпақ қалыптастыру, жастарды дұрыс бағытқа баулу және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы ғана бұл мәселенің алдын алуға болады.

Абдибек Дарига Дауленқызы
Көксу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің маманы

КӘСІБІН СҮЙГЕН ЖАН

АНАНЫҢ АЛАҢЫНАН БАСТАЛҒАН КӘСІП



Көксу ауданының тумасы, Ескелді ауданының келіні Қожабекова Айгерім Қайратқызы бүгінде жүздеген отбасының алғысына бөленіп жүрген массаж маманы әрі кәсіпкер. Оның бұл салаға келуі алдын ала құрылған жоспардың емес, аналық мейірімнің, өмірлік тәжірибенің және жүрек түкпірінен шыққан ізгі тілектің нәтижесі деуге болады.

Айгерім Қайратқызы 2010–2014 жылдары медициналық колледжде білім алып, 2014–2024 жылдар аралығында медицина саласында еңбек етті. Денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істей жүріп мол тәжірибе жинақтады. Сол жылдары оның көкейінде өз кәсібін ашып, халыққа пайдасы тиетін игі істі қолға алу туралы ой жиі болатын. Өз уақытын өзі жоспарлап, адамдарға тікелей көмек көрсететін кәсіп бастауды армандаған ол болашақта жеке ісін ашуға мүмкіндік іздей бастайды.

Алайда өмір оның алдына үлкен сынақ қояды. Тұңғыш қызына жамбас-сан буынының дисплазиясы диагнозы қойылады. Ана ретінде перзентіне көмектесудің барлық жолын қарастырған Айгерім массаж орталықтарын іздей бастайды. Сол кезде дәрігері Бурхан Тұрхановичтің айтқан бір ауыз сөзі оның өмірлік бағытын түбегейлі өзгертеді.

– Сен медицина маманысың ғой. Неге сырттан адам іздейсің? Балаға анасынан артық ешкім массаж жасай алмайды, – деп кеңес береді дәрігер.

Осы сөзден кейін Айгерім қызының сауығып кетуі үшін массаж ісін тереңірек меңгеруге бел буады. «Қызым сияқты ешбір бала денсаулық қиындықтарын көрмесе екен» деген ізгі ниет оның жаңа мамандыққа келуіне себеп болады. Ол арнайы массаж ісі бойынша білімін жетілдіріп, медициналық колледжден үш айлық курстан өтеді. Оқу соңында массаж мамандығы бойынша сертификат алып, алған білімін тәжірибеде қолдана бастайды.

Алғашында массажды тек қызына жасап жүрген ана уақыт өте келе оның оң нәтижесін көреді. Қызының денсаулығындағы жақсы өзгерістерді байқаған таныстары мен жақындары өз балаларына да көмек көрсетуін сұрай бастайды. Осылайша Айгерімнің массаж саласындағы кәсіби жолы басталып, ол біртіндеп тәжірибе жинақтап, көптеген отбасының алғысына бөленген білікті маманға айналады. Нәтижені көрген ата-аналар саны көбейіп, қызметіне сұраныс артады. Бір күні Көксу ауданынан келген екі ана:

– Бізде осындай қызмет жоқ қой, – деген пікір білдіреді.

Осы сөздер Айгерімнің туған жерінде балаларға арналған массаж орталығын ашу туралы ойына түрткі болады. Кейін қолданыстағы жеке кәсіпкерлігі арқылы мемлекеттік қайтарымсыз грантқа қатысып, жеңімпаз атанады. Сөйтіп өзінің кәсібін бастап, бүгінгі таңда сұранысқа ие орталықтың негізін қалайды.

Бүгінде орталықта жалпы сауықтыру массажы, профилактикалық массаж, емдік массаж, толық дене массажы және гидромассаж қызметтері көрсетіледі. Әрбір сеанс баланың жағдайына қарай орта есеппен 25–30 минутқа созылады.

Көп ата-ананы баланың массаж кезінде жылауы алаңдатады. Алайда маман бұл жағдайға ерекше мән береді.

– Біз баланы бірден массаж жасай бастамаймыз. Әр баланың мінезі әртүрлі. Кейбірі тез үйреніссе, енді бірі уақыт алады. Сондықтан баланың ыңғайына қарай кейде аяғынан, кейде қолынан бастап ақырындап жұмыс жасаймыз. Ең бастысы – баланың сеніміне кіру, – дейді Айгерім Қайратқызы.

Орталыққа келген әр балаға жеке көзқарас қалаптастырылады. Қабылдау барысында баланың бойы, салмағы, босану процесі қалай өткендігі, жүктілік кезіндегі ерекшеліктер, бұрынғы диагноздары мен қазіргі жағдайы туралы толық ақпарат жиналады. Өйткені әр баланың даму тарихы әртүрлі.

Маманның айтуынша, массаждың қажет екенін кей жағдайда баланың қозғалысынан, бұлшықет тонусынан, аяқ-қолдарының симметриясынан, дене қимылынан байқауға болады. Дегенмен нақты шешімді міндетті түрде педиатр немесе невропатологтың қорытындысына сүйене отырып қабылдаған жөн.

– Бізде кейде «өзі өседі», «кейін жүріп кетеді», «әкесі де кеш жүрген», «тұқымнан ғой» деген түсінік бар. Бірақ баланың дамуында күмән туындаса, уақыт жоғалтпай маманға көрінген дұрыс. Кей нәрсе ерте анықталса ғана оңай түзетіледі, – дейді ол.

Айгерім Қайратқызы әсіресе ата-аналарды интернеттен алынған ақпаратқа толықтай сеніп қалмауға шақырады.

– Қазір жас аналар әлеуметтік желіден, түрлі платформалардан, жасанды интеллектіден көп мәлімет алады. Ақпарат алған жақсы, бірақ әр бала ерекше. Сондықтан нақты кеңесті міндетті түрде тәжірибелі маманнан алған дұрыс. Баланың денсаулығына немқұрайлы қарауға болмайды, – дейді маман.

Оның айтуынша, қоғамда массаж туралы қалыптасқан кейбір түсініктерді де өзгерту қажет. Массаж тек ауру балаға ғана керек деген пікір қате.

– Массаж тек диагноз қойылған балаларға арналмаған. Ол сау баланың дұрыс дамуына, бұлшықеттерінің қалыптасуына, қозғалыс белсенділігінің артуына көмектеседі. Кейде ата-аналар мәселе туындағаннан кейін ғана келеді. Ал алдын алу әрқашан емдеуден тиімді, – дейді ол.

Орталықтың ерекше бағыттарының бірі – гидромассаж. Бұл қызметтің пайда болуына да өз ұлының жағдайы себеп болған. Ұлының басында су жиналу мәселесі болған кезде кейбір массаж түрлерін жасауға шектеу қойылған. Сол кезде Айгерім Қайратқызы балама тәсілдерді зерттеп, гидромассажға қызығушылық танытады.

Бүгінде гидромассаж 21 күннен асқан, салмағы 4,5–5 келіден жоғары нәрестелерге жасалады. Су арқылы жүргізілетін бұл процедура баланың бұлшықеттерін босаңсытып, қан айналымын жақсартып, қозғалыс белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Маман соңғы жылдары ходуноктарды ерте пайдаланудың да зияны туралы жиі айтып келеді.

– Кей ата-аналар баласы тез жүрсін деп асығады. Бірақ сәби алдымен өзі еңбектеп, сүйеніп, жағалап жүруді үйренуі керек. Табиғи даму кезеңдерін аттап өтуге болмайды, – дейді ол.

2024 жылдан бері орталықта 300-ге жуық бала қабылданған. Айгерім Қайратқызы қызмет сапасының саннан маңызды екенін түсінгенін айтады. Кәсіптің алғашқы кезеңдерінде сұраныс



көбейіп, әсіресе жаз мезгілінде ата-аналар балаларын жаппай алып келе бастаған.

– Бір күні 20 баланы қабылдаған кезім болды. Кешке дейін тынымсыз жұмыс істедім. Сол кезде әр балаға жеткілікті уақыт пен күш бөлу қаншалықты маңызды екенін түсіндім, – дейді ол.

Осы тәжірибеден кейін маман жұмыс тәртібін түбегейлі қайта қараған. Қазір ол күніне бес баладан артық қабылдамауға тырысады. Өйткені әр балаға жеке көңіл бөліп, оның жағдайын бақылау, ата-анамен сөйлесу және сапалы қызмет көрсету уақытты талап етеді.

– Бұл жерде басты мақсат көп бала қабылдау емес. Әр баланың нәтижесін көру маңызды. Сондықтан белгілі бір тәртіп пен режим қалыптастырдым. Әр балаға жеткілікті уақыт бөлінгенде ғана жұмыс сапалы болады, – дейді Айгерім Қайратқызы.

Маманның пікірінше, массаж – тек белгілі бір қозғалыстарды қайталау емес. Ол баланың жағдайын бағалау, ата-анамен байланыс орнату және әр сеансты жеке жоспарлау арқылы нәтиже беретін жауапты жұмыс.

Осы уақыт ішінде көптеген оң нәтижелерге қол жеткізілген. Өздігінен жүре алмаған балалардың аяққа тұрып кетуі, қозғалысындағы қиындықтардың азаюы, дамуы кешеуілдеген балалардың алға жылжуы – мамандар еңбегінің нәтижесі.

Қызмет сапасын арттыру мақсатында үш жылдық тәжірибесі бар массаж маманы Сәуле Мырзабековнаны жұмысқа қабылданған. Қазіргі таңда олар балалардың дамуы мен оңалуына бірлесіп үлес қосып келеді.

Орталық қызметі тек балалармен шектелмейді. Айгерім Қайратқызы жұмыс барысында тағы бір маңызды

мәселені байқайды. Көп жағдайда жаңа босанған ананың жағдайы назардан тыс қалып жатады.

– Балаға ең алдымен дені сау ана керек. Көп аналар босанғаннан кейін өздерін ұмытып кетеді. Ұйқысыздық, шаршау, күйзеліс жиналады. Сондықтан анаға да көмек қажет екенін түсіндік, – дейді ол.

Осы мақсатта орталықта аналарға арналған «Шілде тер» бөлімі ашылған. Мұнда толық дене массажы, банка қою, бет массажы және босанғаннан кейінгі қалыпқа келтіру процедуралары жүргізіледі.

Орталықтың басты ерекшелігі – ана мен бала мәселесін бір жерден шешуге мүмкіндік беруі. Ана шілде тер процедурасын қабылдап жатқан уақытта бала мамандардың бақылауында болады. Дегенмен қауіпсіздік мақсатында нәрестеге қарайтын тағы бір жақын адамның бірге келгені құпталады.

Бұл қызмет көптеген жас аналар үшін үлкен көмекке айналып отыр. Себебі сәби күтімімен күн-түн айналысатын аналардың өз денсаулығына көңіл бөлуге уақыты жиі жетпейді.

Әлеуметтік жауапкершілік те назардан тыс қалмайды. Орталықтың әлеуметтік желідегі парақшасында ай сайын түрлі ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға тегін массаж сеанстары сыйға беріледі. Сонымен қатар әр жұма күні арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

Жұмыс барысында есте қалған қызықты оқиғалар да аз емес. Бір күні тұрақты келушілердің бірі жексенбі күні орталыққа келіп:

– Неге жұмыс істемейсіздер? Балам массаждан кейін ұйықтайды ғой. Мен де сол уақытта тынығып алатын едім, – деп әзілдеп, жұмысның көңілін көтерген екен.

Бүгінде 4 баланың анасы, яғни көпбалалы ана Айгерім Қайратқызы үшін бұл кәсіп жай ғана жұмыс емес. Бұл – кезінде өз қызы үшін іздеген көмекті енді басқа отбасыларға ұсыну мүмкіндігі.

Жүздеген балаға шипа, көптеген анаға қолдау көрсетіп отырған орталықтың алдағы жоспары да ауқымды. Гидромассаж қызметін кеңейту, жаңа жұмыс орындарын ашу және халыққа сапалы қызмет көрсетуді жалғастыру.

Ананың алаңынан басталған бұл игі істің ғұмыры ұзақ болып, талай отбасының қуанышына себепші болсын дейміз. Өйткені мұнда тек массаж жасалмайды. Мұнда ана мен баланың денсаулығы қатар ойластырылып, әр отбасының мәселесіне жанашырлықпен қаралады.

Ардагүл ӘСКЕРБЕК





ОБЛЫСТЫҚ «ЖЕТИСУ ЖҮЛДЫЗДАРЫ» БАЙҚАУЫНДА ЖАРҚЫН ЖЕТИСТІКТЕР

Облыстық «Жетісу жұлдыздары» өнер байқауында талантты жас өнерпаздарымыз жоғары нәтижелер көрсетіп, ауданымыздың мерейін үстем етті. Байқаудың «Дәстүрлі өн» номинациясы бойынша Қанатқызы Ақбаян Бас жүлдені жеңіп алып, өзінің ерекше өнерімен көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. «Аспапта ойнау» номинациясында Аманбай Бекболат I орын иегері атанып, кәсіби шеберлігін дәлелдеді. «Би» номинациясы бойынша «Көркемай» кіші тобы мен «Көркемай» үлкен тобы II орынға ие болып, ұлттық би өнерінің көркемдігін паш етті.

Сондай-ақ, «Дәстүрлі өн» номинациясында Анарбеков Әділ III орын иеленсе, «Эстрада» номинациясында Айтбай Қазыбек III орын жүлдегері атанды. Байқауда «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша Жамилхан Айтұнық пен Сағатов Мансұр арнайы жүлдемен марапатталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз! Өнер жолындағы шығармашылық табыстарыңыз молайып, биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспіз!

Өз тілшіміз

БАС ЖҮЛДЕ 100 000 ТЕҢГЕ



НАШАҚОРЛЫҚ - ҒАСЫР ДЕРТІ

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – нашақорлық. Бұл дерт адам денсаулығына ғана емес, әлеуметтік тұрақтылыққа, экономикалық дамуға және ұлт болашағына да айтарлықтай қауіп төндіреді. Ғалымдар мен халықаралық ұйымдар нашақорлықты XXI ғасырдың жаһандық проблемаларының қатарына жатқызады.

Әлемдік статистикаға сүйенсек, бүгінде әлемде 15-64 жас аралығындағы халықтың шамамен 6%-ы, яғни 316 миллионнан астам адам есірткі заттарын пайдаланады. Бұл көрсеткіш нашақорлықтың кең таралған әлеуметтік құбылысқа айналғанын дәлелдейді. Әсіресе жастар арасында есірткіге тәуелділіктің артуы қоғам үшін үлкен алаңдаушылық туғызуда.

Есірткі заттары адам ағзасына өте қауіпті әсер етеді. Олар орталық жүйке жүйесінің жұмысын бұзып, психологиялық тәуелділік қалыптастырады. Нәтижесінде адамның ойлау қабілеті төмендеп, мінез-құлқы өзгереді, әлеуметтік ортадан алшақтайды. Сонымен қатар есірткі қолдану жүрек-қан тамырлары ауруларына, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуына, иммундық жүйенің әлсіреуіне алып келеді.

Дүниежүзілік зерттеулерге сәйкес, есірткіге тәуелділік пен оның салдарынан жыл сайын әлемде шамамен 500 мыңға жуық адам көз жұмады. Сонымен қатар нашақорлықтың салдарынан АҚТБ (ВИЧ) мен гепатит ауруларының таралу деңгейі артып келеді. Бұл мәселе тек денсаулық сақтау саласына ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне әсер ететін күрделі факторға

айналып отыр.

Қазақстанда да нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесімен күрес мәселесіне ерекше назар аударылууда. Осы бағытта Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді. Аталған құжат құқық қорғау, денсаулық сақтау және білім беру салаларын біріктіре отырып, профилактикалық жұмыстарды күшейтуді, ақпараттық түсіндіру шараларын жүргізуді және тәуелді адамдарды емдеу жүйесін жетілдіруді көздейді.

Мамандардың пікірінше, нашақорлықпен күрестегі ең тиімді әдіс – алдын алу жұмыстары. Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт пен мәдениетке қызығушылықты арттыру, психологиялық қолдау көрсету және отбасы тәрбиесін нығайту маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында тұрақты түрде профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, нашақорлық – адамзат болашағына қауіп төндіретін ғасыр дерті. Онымен күресу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Саналы ұрпақ қалыптастыру, жастарды дұрыс бағытқа баулу және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы ғана бұл мәселенің алдын алуға болады.

Абдибек Дариға Дауленқызы
Көксу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің маманы

ЖАС СПОРТШЫЛАР БАҚ СЫНАДЫ



сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне тілектестігін білдірді.

Тартысқа толы өткен додада командалар өзара шеберлікпен ұйымшылдықтарын көрсетіп, жанкүйерлерге әсерлі ойын сыйлады. Нәтижесінде үздіктер анықталып, жүлделі орындар келесідей бөлінді:

I орын – «Оқушылар» командасы
II орын – «Өр Алтай» командасы
III орын – «Жетіжал» командасы

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы марапатталып, оларға алғыс пен құрмет көрсетілді.

Осындай спорттық шаралар жас ұрпақты дене шынықтырумен тұрақты айналысуға баулып, олардың бойында достық, ұйымшылдық және жеңіске деген ұмтылыс қасиеттерін қалыптастырады.

Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындыруларына тілектестік білдіреміз.

Дені сау ұрпақ – ел болашағы!

Ерназ Ерғисаулы Ғисаев
Мұсабек ауылдық округінің дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы

КӨКСУ АУДАНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ



Бүгін Көксу ауданының әкімі Дәулет Кенжеханұлы аудандық мәслихат депутаты Әлдибек Рғайбекұлымен, жауапты бөлім басшыларымен және мердігер мекемелердің өкілдерімен бірге салынып жатқан әлеуметтік тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Жұмыс сапары аясында аудан басшысы Балпық би ауылында әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 55 жеке тұрғын үйдің құрылыс алаңында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен қарқынын бағамдады. Құрылыс нысандарындағы жұмыстардың белгіленген талаптарға сай жүргізілуіне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ Лабасы ауылдық округіне қарасты Мәмбет ауылында салынып жатқан 15 жеке тұрғын үйдің құрылысы зерделенді. Нысандардағы жұмыс барысы талқыланып, тұрғын үйлерді уақытылы пайдалануға беру мәселелері қарастырылды. Қазіргі таңда аудан бойынша

әлеуметтік осал топтағы азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жалпы саны 70 жеке тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл жұмыстар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың аясында жүзеге асырылуда. Аудан әкімі құрылыс жұмыстарының сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы басты назарда екенін атап өтіп, мердігер ұйымдарға нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар жауапты тұлғаларға құрылыс барысын тұрақты бақылауда ұстап, туындауы мүмкін мәселелерді жедел шешу жөнінде міндеттер қойылды. Көксу ауданында тұрғындарды қолжетімді әрі сапалы баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Өз тілшіміз

МЕНИНГИТ



Менингит пайда болу себебі бойынша үш негізгі топқа бөлінеді. Бұл – менингококкты, іріңді және серозды менингит.

Менингококктық менингитпен ауыратын адамдар айналасындағылар үшін инфекциялық қауіп төндіреді. Себебі ауру ауыр түрде өтеді, сондай-ақ науқас жөтелгенде, түшкіргенде сыртқы ортаға қоздырғышты белсенді түрде беледі.

Вирустан пайда болатын серозды менингиттер энтеровирустар, сондай-ақ вирустардың басқа түрлерінен туындайды. Вирустық серозды менингиттердің менингококкты және іріңді менингиттен айырмашылығы қолайлы ағыммен өтеді. Олар өте сирек жағдайда асқынуды тудырады.

Инфекция көзі науқас адам және «дені сау» таратушы адам болып табылады. Вирус су, көкөніс, жемістер, тамақ өнімдері, лас қол арқылы беріледі. Адамдар көп жиналған жерде ауа-тамшы жолымен берілуі мүмкін. Жұқтыру көбінесе су қоймаларында және жуу бассейндерінде орын алады.

Іріңді менингит – ми қабығының іріңді қабынуы. Іріңді менингит организмде бар алғашқы септикалық ошақтың әсерінен дамуы мүмкін. Қоздырғыш кез келген жерде орналасқан инфекциялық ошақтан таралуы мүмкін, бірақ көбінесе лор-ағзалардың ұзақ өтетін инфекциясы (жіті және созылмалы іріңді отит, синусит-гайморит, фронтит) кезінде байқалады.

Жіті болатын ЖРВИ, гиповитоминоз, күйзеліс, мамадан тыс дене жүктемесі, климаттың кенеттен өзгеруімен байланысты организмнің иммундық жүйесінің әлсіз жағдайы іріңді менингит қоздырғышының енуіне ықпал етеді.

Іріңді менингитпен ауыратын науқастар айналасындағылар үшін қауіп төндірмейді. Себебі науқас аурудың осы сатысында сыртқы ортаға қоздырғыш бөлмейді.

Менингоккты инфекция менингокк тудыратын жіті инфекциялық ауру және бактериалық менингитке жатады. Ауру ауа-тамшы жолымен (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде) беріледі.

Менингоккты менингит үшін аурудың

кенеттен басталуы тән: қатты бас ауруы, құсу, 6-15 сағаттан кейін бөртпелер, дене қызуының 39-40°C дейін көтерілуі, қалтырау пайда болады. Тері бозарады. Жалпы әлсіздік, арқада және аяқ-қолда ауырсыну байқалады. Науқастарда шөлдеу, төбетінің төмендеуі болады. Ауру тұмау, баспа, мұрынның бітелуі, тонзиллиттер және т.б. сияқты салыстырмалы түрде «зиянсыз» ауруға ұқсап жеңіл түрде өтуі мүмкін, сондықтан ол өте қауіпті. Салқын тигеннен, ауырғаннан, шаршағаннан туындайтын организмнің қорғаныш күштерінің әлсіреуі сияқты қолайлы жағдайлар пайда болғанда менингококк бастық ми қабықшасына қарқынды түрде өтеді және қабыну пайда болады.

Инфекция көзі науқас адамдар және «дені сау таратушылар», яғни қандай да бір клиникалық көріністері жоқ, бірақ олар менингококк таратушысы болып табылатын адамдар.

Ауру бірнеше уақыт қарапайым салқын тию сияқты бұркемеленуі мүмкін екендігіне байланысты, уақытында түрінде қарау қажет. Менингитке күндік ауруларға кезінде пациент жұқпалы аурулар ауруханасы жағдайында жедел емдеуге жатқызылады.

Менингиттің алдын алу үшін: қажеттілік болмаса, адамдар көп жиналатын орындарға, сауда-ойын сауық кешендеріне, нашар желдетілетін үй-жайларда өткізілетін мәдени іс-шараларға баруды шектеу; суық тию ауруларының белгілері (жөтелу, мұрынның бітелуі, түшкіру және басқалар) бар айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты болдырмау; салқын тигізбеу және мезгілге сәйкес киіну;

қолды жуу. Жұқтыруды болдырмау үшін қолды мұқият жуу өте маңызды. Балдарыңызға жиі қол жууды, әсіресе тамақ ішер алдында, қоғамдық орындарда болғаннан кейін, сондай-ақ жануарларды ұстағаннан кейін қол жууды үйретіңіз;

өз денсаулығыңызды күтіңіз. Қалыпты демалуды, тұрақты спортпен шұғылдануды және дұрыс тамақтануды сақтай отырып, өз иммундық жүйеңізді нығайтыңыз; науқас адамдармен қарым-қатынаста болған адамдар медицина қызметкерлерінің бақылауымен профилактикалық мақсатта антибиотиктерді қабылдау бойынша дәрігердің нұсқауын орындауы керек.

А.Баймурзанова,
Көксу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

АЛДАМШЫ УЛЫ ГАЗ - АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

От жағу маусымында өрттің туындауының негізгі себебі от жағу пештерін салғанда және пайдаланғанда өрт қауіпсізді талаптарының бұзылуы болып табылады. Статистика бойынша, өртте қаза болған барлық адамдардың 75% от жағу пештерін пайдаланып иісті газбен уланып зиян шеккендер.

Иісті газ ол уландырғыш газ оның иісі жоқ, оны көру немесе адамды бірнеше минут ішінде өлтіруі мүмкін иісі бойынша білу мүмкін емес. Иісті газ адам ағзасына енгенде қанның оттегі кислородын алып жүру қаблеттілігі төмендейді, мидың қайтымсыз зақымдалуына, жүрек ауруымен ауыратын адамдардың кеуде ауруына немесе жүрек ұстамасына әкеледі.

От жаққанда пешті дұрыс пайдаланып және жұмыс жағдайын ұстаған кезде шыққан иісті газ мөлшері әдетте қауіп төндірмейді. Жанып бітпеген отыны бар және ысырмасы жабылған пеш иісті газдың және білінбейтін улың көзі болып табылады. Отын толығымен жаңды деп есептеп, пеш иелері жылуды сақтау үшін түтін жолындағы ысырманы жабады. Өлсіз жанып жатқан көмір ауа жетіспегендіктен иісті газ шығаралы, ол герметикасыз пештің саңлауларынан үй ішіне тарайды.

Түтіннің өлсіз тартылуы және ауа жетпегенде сондай-ақ отынның толық жанбауы орын алады, салдарында иісті газ жиналады. Түтін жолдарын тазалау аса ауыр емес – жылына екі рет, жылу беру маусымының басталуы мен аяқталуы кезеңінде, түтін жолдарын, кірпіш

қалауларының және модульдің тоғысқан жерлерінің жіктері герметикалығын тексеру, қажет болған жағдайда ішкі қабырғаларын күлден тазарту жеткілікті. Пештің тұрбасына жалғасқан түтін жолдарын тексеруге ерекше назар аударыңыз.

Иісті газбен уланудың белгілері: бұлшық еттердің әлсіздігі, бас айналуы, құлақ шулауы, жүрек айнуы, құсу, ұйқы келуі, галлюцинация, естен тану, тыныс алу орталығының жабылуынан кома және қаза. Улану жағдайынан кейін 2-3 жұма өткен соң да улану салдарынан адамдардың қаза болу жағдайы орын алған.

Иісті газбен уланған жағдайда иісті газдың шығуын жою; зардап шеккенді таза ауаға шығару; жатқызу, тыныштықты және таза ауаның үздіксіз келуін қамтамасыз ету. Егер зардап шеккен ессіз болса жедел жәрдем келгенше немесе есіне келгенше жүрекке жабық массаж және қолдан дем алдыру жасау.

Есте сақтаңыз, қауіпті иісті газ концентрациясы бар жерден зардап шеккенді шығарған уақытта, уланып қалмау үшін, бірінші ретте өзіңізді қауіпсіздендіру қажет. Ол үшін марлі немесе бет орамал арқылы тыныс алып тез әрекет жасау қажет.

Тусупбеков А. Көксу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты



СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ - ҮНСІЗ ЖАУ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ - ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған ең өткір мәселелердің бірі – синтетикалық есірткілердің таралуы. Әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасында бұл проблема күннен күнге ушығып барады. Есірткі түрлерінің ішінде синтетикалық заттар – қолжетімділігімен, әсерінің жылдамдығымен және арзан бағасымен ерекше қауіпті.

Синтетикалық есірткі дегеніміз не? Синтетикалық есірткі – бұл зертханада жасанды түрде алынатын, табиғи компоненті жоқ психобелсенді заттар. Олар көбінесе қоспа түрінде, сағыз, ұнтақ немесе сұйықтық ретінде таратылады. Ең қауіптісі – бұл заттар бір қолданудан кейін де тәуелділік тудырады.

Қауіптілігі неде?
 • Психикалық бұзылу: паранойя, галлюцинациялар, агрессия
 • Жүйке жүйесін зақымдау
 • Жүрек-қан тамырлары аурулары

• Бүйрек пен бауырдың уланыуы
 • Өлімге дейін апаратын дозалану жағдайлары
 Көп жағдайда мұндай заттарды пайдаланған адам өз-өзіне немесе өзгелерге қауіп төндіреді, кейде тіпті қылмыс жасайды.

Қалай таралады?
 Бүгінгі күні синтетикалық есірткілер әлеуметтік желілер, Telegram, арнайы код сөздері арқылы онлайн түрде сатылады. Жастар бұл заттарды

ойын ретінде қабылдап, достары арқылы қолданып көреді. Бастапқыда «бір рет көремін» деген ойдың арты қайтымсыз салдарға әкеледі.

Алды алу жолдары
 Ата-ана бақылауы
 • Баланың айналасындағы ортасын біліңіз
 • Балаңыздың телефонында қандай қосымшалар орнатылғанын бақылаңыз

• Telegram-дағы ашық/жабық арналар тізімін қарап шығыңыз
 • Күдікті атаулардағы топтарға немесе контактілерге мән беріңіз
 • Күдікті мінез-құлықты байқасаңыз – ашық сөйлесіңіз
 • Балаға сенімді болыңыз, қысым емес, қолдау көрсетіңіз

Бос уақытты тиімді ұйымдастыру
 • Баланы спорт, өнер, шығармашылық секцияларына баулу
 • Қызығушылық тудыратын, дамытушы хобби ұсыну

Синтетикалық есірткі – көзге көрінбейтін, бірақ адам өмірін іштен бұзатын үнсіз жау. Онымен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның, әрбір отбасының жауапкершілігі. Балалардың өмірі мен болашағы – біздің қолымызда.

ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» МКК СӨСҚ дәрігері Рахат Дәлелханұлы

ӨРТТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?



Өрт – тілсіз жау. Оны алдын-ала болжап білу мүмкін емес. Күнделікті өмірде өрттен жарақат алған не қаза болғандарды естіп, алаңдайтынымыз рас. Егер, сіз аяқ асты осындай жағдайға душар болсаңыз, не істейсіз? Өз-өзіңізді, туыстарыңызды қалай қорғайсыз? Міне, бүгінгі жазбамыз «тілсіз жаудан қалай қорғану керек?» деген сұраққа жауап береді. Осы кеңестерді оқи отырып, өзіңізді және жаныңыздағыларды тілсіз жаудан қорғап қалатын әдістерді меңгересіз.

Өртенген заттың иісі немесе түтіннің пайда болуы – басталған өрттің алғашқы белгісі. Ең алдымен, өз-өзіңізді қолыңызға алып, уайымдамауға тырысыңыз. Өрт сөндіру диспетчеріне қоңырау шалып, мекен-жайыңызды айтыңыз. Егер, өрт сөндірушілер келгенге дейін өртті сөндірсеңіз, сіздің қоңырауыңыз «жалған қоңырау» болып есептелмейді. Өрт сөндірушілер өрт болған орынды тексеріп, келесі жолы бұндай жағдай болмас үшін оның шығу себептерін анықтайды.

Жаңа ғана басталған өртті өз күшіңізбен, су, жамылғыш, өртсөндіргіш арқылы тоқтатуға болады. Егер, сіздің ыңғайыңызға көнбесе, дереу қашып, кәсіби мамандарға жүгініңіз.

Егер, сіздің үйіңіз өртке оранса, үйдің ішінде қалмауға тырысыңыз. Мүмкіндік болса, тоқ көзін, газды өшіріп, есік-терезені жабыңыз. Есікті мұқият бітеп жауып, сыртқа шығып, көршілерге де хабарлаңыз. Үйден шыға бере баспалдақта ешқандай өрт болып жатпағанына көз жеткізіңіз.

Егер, міндетті түрде тысқа шығатын болсаңыз, есікті ақырындап ашыңыз, әйтпесе, оттегінің әсерінен жалын шарпып өтуі мүмкін.

Лифтке мүлдем мінбеңіз, бұл өте қауіпті және сіздің мүмкіндіктеріңізді шектеп тастайды.

Егер, үйден шыға алмай қалсаңыз, түтін жоқ жерді тауып алыңыз. Жасырынған жеріңізді герметикалап (герметикалау - ғимараттардың сыртқы қабырға панельдерін полимер құрамды затпен бітеу), барлық саңылауларды қолыңызда бар заттармен (сулы болғаны дұрыс) бітеңіз, терезені ашпаңыз. Ашық тұрған терезе оттегінің тұтанып, өрттің өршуін үдетеді. Су алуға мүмкіндігіңіз болса, есік-терезені, айналаныңды дымқыл шүберекпен сулап, сүртіп отырыңыз.

Егер, түтіннен тынысыңыз тарылса, шүберекті сулап, мұрныңызға басып демалыңыз.

Егер, бір орыннан екінші орынға ауысу керек болса, еңкейіп не еңбектеп қозғалуыңызға болады, себебі, еден жақта оттегі көп. Өрт сөндірушілерге қоңырау шалып, жасырынған жеріңізді айтыңыз.

Егер адамның үстінде киім өртеніп жатса, оның үстіне жамылғы тектес затты жабу керек, ал егер, сіздің үстіңіз өртеніп жатса, жерге жатып, әрлі-берлі ауаңыз. Түтінді ғимаратқа кіргенде міндетті түрде дымқыл, бірнеше рет бүктелген мақта-мата тәріздес шүберекпен мұрынды басып кіру керек. Ғимаратқа кірмес бұрын, басыңыздан бастап сулы қалың матаны жамылып кіру қажет. Бірақ, арнайы костюмсіз кіруге болмайтынын естен шығармаңыз.

Бұл – барлық адам білуі тиіс алғашқы қауіпсіздік шаралары. Алда бұл тақырыпқа қайта оралып, толығырақ ақпарат береміз.
Ербол Жұмабайұлы
Massaget.kz

М.ФАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ - СЕНІМДІ БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ!

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші – құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы – еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша сырттай және іштей оқу түрінен өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігі берілу арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды. М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы қабылдау және іріктеу Ережесіне сәйкес институттың іштей оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдірмей өткен азаматтар қабылданады.

М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы іштей оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. М.Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы курстантары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға



белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Іштей оқуға түскен азаматтар қазарма тәртібі бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «Өртке қарсы қызмет» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай ҚР ТЖМ органында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Еліміздің тыныштығын қорғау – әр азаматтың міндеті.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар! Барлық сұрақтар бойынша: Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Амангелді көшесі №1, телефон: 87056063131.

Көксу ауданы ТЖБ және №4-ӨСБ қызметкерлері

«ӨРТ ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА АЛҒАШҚЫ ІС ӘРЕКЕТТЕР»

Егерде қайғылы оқиға орын алса, осы төтенше жағдайда келесі іс-қимылдарды білу және жасау қажет. Өрт болған жағдайда, оны бірінші көрген адам болған жағдай туралы 101 телефонына хабарлау керек. Міндетті түрде өрт болған жердің және мекен-жайын дұрыс айту, хабарласушы фамилиясын атау, тез арада көршілерге хабарлау қажет. (түнгі уақытта оларды міндетті түрде ояту керек). Осыдан соң қолда бар құралдармен (өрт сөндіргішпен, сумен) өртті сөндіруге кірісу керек. Бірақ ең алдымен, әрине адамдарды тез арада қауіпсіз жерге ауыстыру қажет. Ал өрт сөндірушілер келген кезде оларға төтенше жағдайды ауыздықтау шараларын жүргізуге кедергі келтірмеу керек. Соңғылардың жұмысын өрт болған жерге жолдың ашық болуы және үйдің номер белгілерінің жақсы

көрінуі тездетеді және жеңілдетеді. Ең бастысы үрейге бой алдырмау қажет.

Көксу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі



2026 ЖЫЛҒЫ 01 МАУСЫМДАҒЫ «АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН БЕРУ»
БОЙЫНША КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ.

№ лот	Нысаналы мақсаты	Көлемі (га)	Жалға беру мерзімі	Жер телімінің орналасқан жері	Жеңімпаздар
1.	жайылым	54,6	10 жыл	Алғабас ауылдық округі	Ж.Орынтай
2.	жайылым	50,4	10 жыл	Алғабас ауылдық округі	Ж.Когулов
3.	жайылым	32,7	10 жыл	Алғабас ауылдық округі	К.Мыятбеков
4.	жайылым	338,0	10 жыл	Мусабек ауылдық округі	К.Сережанов
5.	жайылым	30,0	10 жыл	Жарлыөзек ауылдық округі	Ш.Адетбеков
6.	суармалы	1,0	10 жыл	Мұқаншы ауылдық округі	Н.Аблида
7.	жайылым	39,0	10 жыл	Балпық ауылдық округі	О.Қадырсыз
8.	шабындық	5,0	10 жыл	Мұқаншы ауылдық округі	Р.Омарбеков
9.	жайылым	951,5	10 жыл	Лабасы ауылдық округі	М.Сугирбеков
10.	жайылым	157,0	10 жыл	Мұқыры ауылдық округі	А.Оразбеков
11.	жайылым	7,0	10 жыл	Лабасы ауылдық округі	Б.Нургазинов
Барлығы		1666,2			

Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Мырзабекова көшесі, 7 мекежайында орналасқан ГКП на ПХВ «Ветеринарная станция Коксуского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» биологиялық және медициналық қалдықтарды термиялық жоюға арналған жылжымалы крематорына арналған «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» бойынша қоғамдық тыңдаулар 15.07.2026 ж. сағат 15:00-да, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 15 мекежайында әкімшілік аумағында өтеді.

Нысанның (участок) географиялық координаталары - 44.927262, 78.206725, әсер ету аумағының географиялық координаталары - 43.195218, 76.415159

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&mn=74095437283>

Конференция идентификаторы: 399 091 9748, кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: ГКП на ПХВ «Ветеринарная станция Коксуского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» БСН 120340023043, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Мырзабекова көшесі, 41, тел. +77714713296. «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» жобасын әзірлеуші: «Пориком фирмасы» ЖШС БСН 931040000540, Алматы қ., 1-ш/а, 66Б үйі, т.е. 3а, 5-кеңсе. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар менз. мекенжай: тел. +77017227234, e-mail: roikom2024@gmail.com.

Жоба материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сонымен бірге Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бойынша; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайты және ЖАО priroda@zhetysu.gov.kz эл. поштасы арқылы қабылданады.

Общественные слушания по проекту «Нормативов допустимых выбросов» для Крематора передвижного для термического уничтожения биологических и медицинских отходов ГПП на ПХВ «Ветеринарная станция Коксуского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» расположенной в с. Балпық би по ул. Мырзабекова, 7 Коксуском районе Алматинской области., будет проводиться 15.07.2026 г. в 15.00, по адресу: область Жетісу, Коксуский район, с.Балпық би, ул.Кабанбай батыра №15, на территории акимата. Географические координаты объекта (участка) - 44.927262, 78.206725 территории воздействия - 43.195218, 76.415159

Ссылка на онлайн-конференцию <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&mn=74095437283>

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ГПП на ПХВ «Ветеринарная станция Коксуского района с ветеринарными пунктами» ГУ «Управление ветеринарии области Жетісу» БИН 120340023043, область Жетісу, Коксуский район, с. Балпық би, ул.Мырзабекова, 41, тел. +77714713296.

Работчик проекта «Нормативов допустимых выбросов» - ТОО «Фирма Пориком» БИН 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66Б, н.п.3а, офис 5. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: roikom2024@gmail.com.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу» по ссылке; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>, замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также по электронной почте МИО priroda@zhetysu.gov.kz.

Өткізілетін конкурс жайлы мәлімет аудандық ақпарат бетінде ағымдағы жылдың 17 сәуірде жарияланған болатын. Өткізілген конкурсқа 11 лот бойынша жалпы көлемі 1666,2 га жерлер, оның ішінде: 1660,2 жайылым жер, 1,0 га суармалы егістік жер, 5,0 га шабындық жерлер түсіріліп азаматтар мен заңды тұлғалардан 18 азаматтан 23 өтінім түсті. Конкурсқа жарияланған 11 лот бойынша конкурс өткізілді.

ЕЛ РӘМІЗДЕРІ-ТӘУЕЛСІЗДІК АЙНАСЫ



Тұрысбекова қатысушыларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Әнұраны туралы жан-жақты ақпарат беріп, олардың тәуелсіз еліміздің басты құндылықтарының бірі екеніне тоқталды. Сонымен қатар «Рәміздерім – мақтанышым» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, көрмеге қойылған әдебиеттер мен танымдық басылымдар таныстырылды. Дөңгелек үстел аясында мемлекеттік рәміздердің тарихы мен мән-маңызына арналған бейнеролик көрсетіліп, қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Ел рәміздерінің ел бірлігін нығайтудағы, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі рөлі туралы мазмұнды әңгіме өрбіді. Іс-шара соңында қатысушылар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы екенін атап өтіп, олардың мәртебесін әрдайым биік ұстау қажеттігі жөнінде ой бөлісті.

А.Тұрысбекова
Мұқыры ауылдық кітапханасының кітапханашысы

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Мұқыры ауылдық кітапханасында «Ел рәміздері – тәуелсіздік айнасы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – ескелең ұрпақтың мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыру, олардың шығу тарихы мен маңызын таныстыру, елжандылық пен отансүйіштік қасиеттерді дәріптеу. Шара барысында кітапханашы А.

Азаматтардың назарына! «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына 30.12.2024ж.қол қойылды. Банкроттыққа өтініштер 2023 жылдың наурызында қабылданады. Азаматтардың банкроттық рәсімдері:

1. Соттан тыс банкроттық (банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлар алдындағы қарыз 5,5 млн теңгеге (1600 АЕК) дейін және 12 айдан артық өтелмейді, мемлекеттік кіруге жататын мүлік жоқ (жылжымайтын мүлік, жер және көлік құралдары); мемлекеттік кірістер Басқармасымен қарастырылады.
2. Сот банкроттығы (қарыздың қалған түрлері бойынша (сомасына қарамастан) 5,5 млн. теңгеден (1600 АЕК) астам сотпен қарастырылады. 3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (борышкер мүлкінің құны барлық қарыздардың мөлшерінен аспайды), сотпен қарастырылады. Сұрақтарыңыз бойынша Көксу ауданы

бойынша МКБ 8-72838/-4-24-41 телефонға хабарласуға болады.

Көксу ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды! Құрметті заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары! 01.01.2024 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі енгізіледі, оның шеңберінде Сіз 15.09.2024 жылға дейін «Активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны» (250.00-нысан) ұсынуға міндеттісіз. Уважаемые руководители, учредители (участники) юридических лиц и индивидуальных предприниматели, а также их супруги! С 01.01.2024 года вводится III этап всеобщего декларирования, в рамках которого Вы обязаны представить до 15.09.2024 года «Декларацию об активах и обязательствах» (форма 250.00).

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Маусым айы бірі күні туыппын, Ес білгелі қазақ үйге жуықпын. Жаз жайлауға, қыс қыстауға көшкенде, Бауын шешіп, байлап өстім уықтың.

Асау мініп, қолға ұстаған құрығын, Кедей кепшік бәтіндеген жыртығын. Бір ауданның атақты жылқышысы, Аты әйгілі Өрісбайдың ұлымын.

Жыл сайын соғым беріп үш досына, Тәрде айтып ақ тілек қонысына. Ержеткенде өзі таңдап алар деп, Үш қызды айттырыпты бір басыма.

Жеті жаста әкем кетіп келмеске, Сол тілектер айналыпты елеске. Маған деген әкемнің ақ пейілі, Мақтан тұтар қасиеті емесе.

Жақсы әке жаман ұлға қырық жыл азық, Ата тегі әркімге алтын қазық. Ұрпағым керегіне жаратысын деп, Өткен күннен естелік жүрмін жазып.

Бөтендерге сыр ашпаймын суықпын, Парқын біліп өстім ыстық, суықтың. Жеңіл басып, ауырды да көтердім, Балшық кешіп, суын іштім тұнықтың.

Әділдікті таппай кейде тарықтым, Кейде шаршап, күресуден жалықтым. Білегімді түріп қойып кірісіп, Алғысым да алып жүрдім халықтың.

Жұмыс істеп, кейде жақсы тынықтым, Арулармен сыр бөлісіп, сыр ұқтым. Әр адамның бағалаймын қымбатын, Келмес менің қымбат жерге қол сұққым.

Сұлулардың сезіміне қанықпын, Аруларға ілтипаттық таныттым. Тоқсан қыздың тоғызына ғашық боп, Бір аруды көруге тым асықпын.

Жыр жазуға себеп болған арулар, Бойларыңда муза болар қару бар. Таныс қыз бар, бейтаныс бар, балдыздар, Одан жақын бір ерекше сұлу бар.

Биіктерді бағындырып жүріңдер, Бойларыңда бар жақсылық ілімдер. Бәрің де бар жақсылық тілейтін, Бір ақынның бар екенін біліңдер.

Бақтыбай Өрісбайұлы

ҚҰРМЕТТІ КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2026 жылғы 19 маусымда сағат 10.00-де аудандық әкімдіктің ғимаратында (Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, 40) аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөміріне хабарласу арқылы алдын ала жазылуға болады. Сондай-ақ сағат 10.30-да аудандық мәдениет үйінде (Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, 14) облыс әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуі өтеді. Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КОКСУСКОГО РАЙОНА!

19 июня 2026 года в 10.00 часов в здании районного акимата (с.Балпық би, ул. Мырзабекова, 40) аким области Жетісу Исабаев Бейбит Оксикбаевич проведет прием граждан по личным вопросам, на который предварительно можно записаться по телефону отдела по контролю за рассмотрением обращений граждан аппарата акима области: 8 (7282) 40-25-06. Также в 10.30 часов в районном доме культуры (с.Балпық би, ул.Мырзабекова, 14) состоится встреча акима области с населением района. Прямая трансляция встречи будет вестись на странице акимата области «jetisu_akimdigi» в «Instagram» по ссылке: https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y=.

МЕНШІК ИЕСІ: «Нурлы Көксу» ЖШС

Бас редактор:
Ардагүл ӘСКЕРБЕК
Директор:
Амир АСКАРОВ

Газетке жариялауға жатпайтын мақалалар авторға кері қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 20 қыркүйекте тіркеліп, №KZ13VPY00015121 куәлігі берілген. Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. **Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне редакция жауап бермейді. За достоверность объявлений и рекламы редакция ответственность не несет.**

Редакция мекен-жайы: индекс 041200 Балпық би ауылы, Мырзабеков к-сі, 7 үй. Телефондары (факс): 8(72838) 2-02-77, Директор: 2-04-88, Дизайнер: 8(705)578-45-04 **e-mail: Nurly_Koksu@mail.ru** **Осы шығарылымның таралымы: 1300 Тапсырыс №97**